# Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана

№1 (қаңтар-ақпан), 2020 жыл

№1 (январь-февраль), 2020 год



*Құрылтайшы: «Педагогикалық Ғылымдар Академиясы» ҚБ*



**Редакциялық алқа:**
А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВ
*бас редактор*

А.А. БУЛАТБАЕВА
*бас редактордың орынбасары*

Е.В. АСТАХОВА (УКРАИНА)
Қ.А. БИСЕНОВ
С.В. ИВАНОВА (РЕСЕЙ)
Д.П. ҚОЖАМЖАРОВА
И.Э. КУЛИКОВСКАЯ (РЕСЕЙ)
Б.Б. МАМРАЕВ
А.М. МАМЫТОВ (ҚЫРҒЫСТАН)
Ғ.М. МҰТАНОВ
К.Н. НӘРІБАЕВ
А.А. ТАЛТЕНОВ
А.А. ШӘРІПБАЕВ

**Редакциялық кеңес:**
К.Ө. ҚОНАҚОВА
Д.В. ЛЕПЕШЕВ
Л.Х. МӘЖИТОВА
Ф.Т. САМЕТОВА
А.А. САТБЕКОВА
Б.А. ТУРГУНБАЕВА
С.А. ҰЗАҚБАЕВА
Н.А. ШАМЕЛЬХАНОВА
Т.С. ШУМЕЙКО
Р.О. НИЯЗОВА
Ж.Б. ҚОҢЫРОВА
Т.Е. СҰЛТАНҒАЗЫ



Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде қайта тіркеліп,
24.01.2013 ж.
№13303-Ж куәлігі берілген
Вестник жылына 6 рет шығады

«Вестник АПН Казахстана» журналы
ҚР БҒМ БҒСБК (ККСОН) педагогикалық
ғылымдар бойынша негізгі қорытындылар-
ды жариялауға ұсынған ғылыми басылым

ҰҒТАО Қазақстандық дәйексөз алу
(цитирование) қоры мәліметтері бойынша
журнал импакт-факторы 0,074

Мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді.



**Редакцияның мекен-жайы:**
050000, Алматы қаласы
Абылай хан даңғылы, 74А
Тел.: 8 (727) 313-18-14, 313-18-15
E-mail: apnkaz@mail.ru, v.apnk@mail.ru



Пішіні 70x100 $^1/_{16}$
Қағаз офсеттік. Шартты баспа табағы 16,5
Таралымы 300 дана



© «Педагогикалық Ғылымдар
Академиясы» ҚБ, 2020


## *МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ*


*СЛОВО ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА* ........................... 3

*Г.С. ТАГАЕВА, А.М. МАМЫТОВ*
Новые подходы к оценке учебных достижений учащихся начальных классов в Кыргызстане .......................5

*Р.Н. КЕНЖЕБАЙ, Р.С. ЛАБЕНОВА, А.С. АЛИМБАЕВА*
ЖОО-да жаңартылған бағдарламамен оқытудың кейбір мәселелері.................................................................15

*Г.Б. КЫЛЫШБАЕВА, А.М. БЕРДАЛИЕВ, А.А. СЕНКЕБАЕВА, Д.Н. САИДАЗИМОВА*
Жаңа білім беруде студенттердің құзыреттілігі мен білім парадигмаларын қалыптастыру негіздері ........20

*А.Р. РЫМХАНОВА, Д.У. БАЙСАЛОВ*
Современные тенденции и требования к профессиональной подготовке педагогов для системы инклюзивного образования ............................................................ 27

*Г.Т. УРАЗБАЕВА*
Актуальные проблемы профессиональной этики преподавателя высшей школы ............................................. 35

*К.У. КУНАКОВА, Г.С. ПРИМБЕТОВА*
К проблеме измерения профессиональных компетенций преподавателей высшей школы .......................41

*A. SYZDYKBAYEVA, R. KERIMBAYEVA, G. ABDYBAYEVA*
Pedagogical practice organization problems of the future teacher in the context of dual training .............................49

*А.К. МЫНБАЕВА, П.О. ИЗТАЕВА, А.А. КАРАБУТОВА*
XX-XXI ғасырлардағы адамгершілік білім беру және дамыту теориясы .......................................................... 55

*М.С. ЖЫЛҚЫШИЕВА*
Civil-patriotic education of student youth of Kazakhstan in conditions of modernization of public consciousness ...62

*Р.С. ҚАСЫМОВА, М.М. СҮЛЕЙМЕН*
Ә.Қастеев шығармашылығы арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру ........................74

*Д.В. ЛЕПЕШЕВ*
Современные проблемы исследования семейных ценностей, национальных традиций в современной казахстанской семье .........................................................82

*Ш.Т. ТАУБАЕВА, А.Т. КОНУСОВ, М.С. АУЕСБАЕВ*
Әскери қызметшілерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің мәні мен мазмұны ........................................90

*А.А. КАЛЫБЕКОВА, Г.М. МУСАХАНОВА, Ж.З. ТОРЫБАЕВА*
Реализация потенциала дисциплины «Иностранный язык» в системе патриотического воспитания студентов .......................................................... 102

*Учредитель*
*ОО «Академия Педагогических Наук»*

**Редакционная коллегия:**
А.К. КУСАИНОВ
*главный редактор*

А.А. БУЛАТБАЕВА
*зам. главного редактора*

Е.В. АСТАХОВА (УКРАИНА)
К.А. БИСЕНОВ
С.В. ИВАНОВА (РОССИЯ)
Д.П. КОЖАМЖАРОВА
И.Э. КУЛИКОВСКАЯ (РОССИЯ)
Б.Б. МАМРАЕВ
А.М. МАМЫТОВ (КЫРГЫЗСТАН)
Г.М. МУТАНОВ
К.Н. НАРИБАЕВ
А.А. ТАЛТЕНОВ
А.А. ШАРИПБАЕВ

**Редакционный совет:**
К.У. КУНАКОВА
Д.В. ЛЕПЕШЕВ
Л.Х. МАЖИТОВА
Ф.Т. САМЕТОВА
А.А. САТБЕКОВА
Б.А. ТУРГУНБАЕВА
С.А. УЗАКБАЕВА
Н.А. ШАМЕДЬХАНОВА
Т.С. ШУМЕЙКО
Р.О. НИЯЗОВА
Ж.Б. КОНЫРОВА
Т.Е. СУЛТАНГАЗЫ

Свидетельство о перерегистрации
Министерства культуры и информации
Республики Казахстан №13303-Ж
от 21.01.2013 г.
Вестник выходит 6 раз в год

Научный журнал
«Вестник АПН Казахстана»
рекомендован ККСОН МОН РК
для публикации основных результатов
по педагогическим наукам

По данным Казахстанской базы
цитирования НЦ НТИ
импакт фактор журнала 0,074
Мнения авторов не отражают
точку зрения редакции.

**Адрес редакции:**
050000, г. Алматы
пр. Абылай хана, 74А
Тел.: 8 (727) 313-18-14,
313-18-15
E-mail: apnkaz@mail.ru, v.apnk@mail.ru

Формат 70x100¹/₁₆.
Бумага офсетная. Усл.-печ.л. 16,5
Тираж 300 экз.

© ОО «Академия
Педагогических Наук», 2020

*Б.Б. ДЖАКУБАКЫНОВ, Ө.С. БАЙМҰРАТОВ, Қ.Ә. ҚҰЛАТАЕВ*
Жоғары сынып оқушыларының салауатты өмір салты мен әскери қызметке дайындығының сабақтастығы ..109
*А.А. АДАМОВ, А.А. БУЛАТБАЕВА, А.С. БАШЧИКУЛОВ*
Результаты исследования сформированности культуры профессионального мышления у курсантов военного вуза ........ 117
*Н.Ш. АЛМЕТОВ, А.М. УСЕНОВА, Т.С. СМАХАНОВ*
Болашақ мұғалімнің прагматикалық педагогикалық ойлауын қалыптастыру ........ 125
*Г.К. НАКЫПОВА, Ж. САПАРҚЫЗЫ*
Жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі кәсіп тік магистрлік даярлық ........ 131
*К.К. КЕНЖЕҒАЛИЕВ, А.Б. ТАҒАЙ*
Психологтарды даярлаудың психологиялық мәселелері ........ 138
*А.К. УМИРБЕКОВА, К.С. АХМЕТКАРИМОВА, Ш. АБИТАЕВА*
О подготовке будущих учителей к реализации новых подходов в преподавании и обучении ........ 145
*Е.Ж. ТӨРЕБЕК, М.О. МҰСАБЕКОВ, М.А. АБДУАЛИЕВА*
Жаратылыстану пәндерін оқытудың заманауи тәсілдері ........156
*Д.А. АДИЛЬЖАНОВА, Қ.К. БУРУНБЕТОВА*
«Сабақты зерттеу» тәсілінің мұғалімдердің бірлескен оқу ортасын дамытудағы әсері ........167
*Л.Ф. ТАТАРИНОВА, Б.Ә. ТОРҒАУТОВА*
Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен практикалық сабақ өткізу әдістемесін қолдану ерекшеліктері ........ 174
*А.Б. НҰРЖАНОВА, Г.Н. НҰРМАНОВА*
Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда цифрлық құзыреттілікті қалыптастыру жолдары ........180
*Е. ЕЛУБАЙ*
Болашақ педагогтарды даярлауда цифрлық құзыреттілік ........ 187
*Л. Х. МАЖИТОВА, Р.Н. СЫЗДЫҚОВА, А.М. САЛАМАТИНА*
Техникалық университетте физика пәнін тәжірибеге бағдарлап оқытуда студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыру ........ 195
*А.С. АУШЕНОВА, Г.С. ГАБДКАРИМОВА, Г.ӘНУАР, У.А. КАЛЖАНОВА*
Ағылшын тілін меңгеру жолындағы әдістемелер..203
*Г.М. КУСАИНОВ, Г.С. САПАРОВА, С.К. АХМЕТБЕКОВА*
Технология эффективного обучения ........ 208
*Д.Ш. ЕЛЬЖАНОВ*
Некоторые психофизические особенности восприятия существующей действительности допризывной и призывной молодежью (Методологическое обоснование) ........ 218

БІЗДІҢ АВТОРЛАР ........ 226
НАШИ АВТОРЫ ........ 230
OUR AUTORS ........ 234

*Keywords:* cognitive activity, practice-oriented teaching, activity model, discipline.

ӘОЖ 37.02

**А.С. АУШЕНОВА, Г.С. ГАБДКАРИМОВА, Г. ӘНУАР, У.А.КАЛЖАНОВА**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**
**Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты**

# АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕҢГЕРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛЕР

*Мақалада қазіргі қоғамда ағылшын тілін үйренудің маңызды аспектілерінің бірі ретінде оны меңгеру жолындағы жеңіл әрі жаңа әдістемелер және ағылшын тілін оқытудағы әдістерді қолдану қарастырылады. Қазақстандағы білім беру саласында шет тілді үйретудің жаңа түрлері, әдістері, әдістемесі, жаңа сипаттағы технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының жаңаруына әкелді. Осындай оқыту әдістемесінде заман талабына сай инновациялық, технологиялық білім беру жүйесінің ерекшеліктері басты негізге алынған. Тілді үйретуде педагогтар мен мамандардың кәсіби құзыреттілігін пайдалана отырып, оқушының санасына әртүрлі жағынан жеткізе білу басты негізге алынып қарастырылған. Тілді үйрену барысында оның маңыздылығы айқын көрсетілуі тиіс. Тілдің жаңа әдістемесі оқушылардың ойлау санасына тікелей әсер етеді, себебі ондағы жаңашыл тәсілдер мен түрлі бағыттар адамның ойлау жүйесін арттырады. Қазір шетел тілін оқыту әдістемесі ғылым болып қалыптасып келеді.*

Кілтті сөздер: *тіл оқытудағы әдістер, кәсіби құзыреттілік, үйрету технологиясы, шетел тілі, оқыту технологиясы.*

## Кіріспе

Ақпараттар ағыны толассыз қазіргі кезеңде өркениетті елдермен қатарлас деңгейде болу, мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экономикамыз бен өндірісімізді алдыңғы орынға шығару аса маңызды факторға айналып отыр. Ол үшін, ең алдымен, білім мен ғылымға көп көңіл бөлу керек. Білімнің негізгі қайнар көзі ағылшын тілінде жатқаны айқын. Біздің елімізде де бұл қағида қалыптасып жатыр. Осы бағыт

бойынша мектеп, колледж, университет қабырғаларында реформалар жүзеге асырылуда. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев: «Біз, қазақтар, әлемдік ғылым мен мәдениетке орыс тілі арқылы шықтық. Бірақ қазір ағылшын тілін меңгеріп, көкжиегімізді кеңейте түсуіміз қажет» деген еді [1].

Ағылшын тілін меңгеру кез келген адамға қиындық тудырады. Қазіргі уақытта ағылшын тілін жетік меңгеру үшін түрлі әдістемелер қарастырылып, қолданылып жатыр. Отандық және шетелдік ғалымдардың тәжірибелері мен әдіс-тәсілдері тіл меңгеруде бізге көптеген мүмкіндіктер береді. Олардың әдістемелері мектеп қабырғаларында және ағылшын тілі курстарында кеңінен пайдаланылып та жатыр. Білім саласында осындай әдістеме мен әдіснамалардың алар орны ерекше.

Ағылшын тілінің басты міндеті – адамдардың қоғамдағы тілдік қарым-қатынасында біліктіліктерін жетілдіру. Ағылшын тілі пәні мектепте білім берумен қатар, адамдардың дамуына, өздерін жеке бас тұлға ретінде қалыптастыруына көп мүміндік береді. Қазіргі таңда, алпауыт мемлекеттердің тәжірибесі бойынша, көп тілді меңгеру немесе халықаралық тілдерді меңгеру үлкен міндет саналады. Сондықтан да біз өзге елдерден қалмауымыз үшін ағылшын тілін меңгеруіміз қажеттіліктердің біріне айналып отыр. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Осы қажеттілік арқылы әрбір маман бірнеше тілді жетік білетін, еркін сөйлей де, жаза да алатын бәсекеге қабілетті тұлғаға айналары анық. Белгілі ғалым Н.Д. Гальскованың айтуы бойынша, төменгі сынып оқушылары шетел тілдерін меңгеруге өте бейім. Баланың имитациялық қабілеттері, табиғи қызығушылығы әрқашан жаңаны меңгеруге қолайлы жағдай жасайды [2]. Сол себепті, қазір ағылшын тілі бастауыш

ағылшын тілінің бастапқы деңгейін тез меңгереді. Қазіргі таңда бітіруші түлектер мектеп бағдарламасындағы ағылшынды жетік меңгеруінің арқасында шет елдерде білімдерін дамытып шыңдап жатыр.

Ағылшын тілі мұғалімінің баланың тілге деген қызығушылығын тек оқулық арқылы ғана емес, түрлі әдіс-тәсілдер, қызықты деректер, қосымша мәліметтер арқылы, газеттерден, интернет жүйелерінен алып оқыту үдерісін қалыптастыруы керек. Бұл арқылы баланың санасын оятып, одан әрі тілге деген қызығушылығын арттырады. Оқушылар жаңа мәліметтерді дұрыс ұғынуы үшін оқытушы әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданғаны дұрыс.

Ағылшын тілін оқыту әдістері мынадай:

Көрнекілік әдісі – ағылшын тілін меңгерту барысындағы ең тиімді ірі қолданбалы әдістердің бірі. Өйткені аталған әдіс барлық сабақ түрінде пайдаланылады. Көрнекі құралдар мен схемаларды пайдалана отырып, оның өзіндік бағыты бар екенін ескеру қажет. Қолданылатын материалдар кемінде 3-4 түстен кем болмауы қажет. Себебі сабақ барысында қызығушылықты арттыра отырып, сөздік қорларын дамытудың ең тиімді жолы болып табылады [3].

Түсіндіру әдісі – оқытушы сабақ барысында, оқыту үрдісінің жүйесін, яғни тақырыбы, мақсаты мен міндетін аша отырып, түсіндіруді негізге алатын әдіс. Аталған әдісте оқытушы жаңа сөзді, жаңа тақырыпты немесе сөйлемдерді түсіндіру үшін қолданылады.

Сұрақ-жауап әдісі – оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту әрі көтеру үшін маңызды әдістің бірі. Бұл әдісте оқушылар коммуникативті болады. Оқушылар өзара сұрақ қоя отырып, сұрағына жауап алу арқылы түсіну дағдысы да дамиды. Кең көлемде қолданылатын әдіс түрі болып табылады [4].

(суреттер, сөздер, үлестірмелі қосымша тапсырмалар және т.б. арқылы) арқылы оқушының деңгейін байқай отырып, сөздік қорын байыту жолдарының бірі [5, 35-37].

Интерактивтік әдіс – сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бұл әдістің мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында бірлескен әрекетке жағдай жасау. Оқушылар және тапсырмалармен жұмыс істей отырып, топ мүдделерін де ойлауға үйренеді. Бұл әдісте әр оқушы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге талпынады. Оқушылар бірігіп жұмыс істеуге үйренеді. Бұл әдісте оқушылар сабақ барысында бір-біріне кеңесші, серіктес рөлін атқарады [6, 24-26].

Ағылшын тілі сабағы барысында оқытушыға компьютер арқылы жасалатын жұмыстар көп көмегін тигізеді. Бұл, оқытушының оқушылар жұмысын бағалауға, өз бетінше қарқынды дамуына жақсы ықпал етеді. Компьютерлік бағдарламалар уақыт өте келе үздіксіз жетілдірілуде. Компьтерлік бағдарлама арқылы маңызды деректер алып қана қоймай, қашықтан оқыту әдістерінде пайдалана аламыз. Осы қашықтан оқыту әдісіндегі мультимедияның көмегімен әртүрлі графикалар арқылы оқу курсының мәліметтерін, мәтіндерді әзірлей аламыз. Оқу материалдары арқылы интерактивті қасиеті шектеулі бейнелерді, электронды мәтіндер мен кітаптарды карастыруға болады.

Қазіргі кезде ағылшын тілін меңгеруде (есту, тыңдау, оқу арқылы) оқу фильмдерін көру, үнтаспалар тыңдау және тағы басқа мүмкіншіліктер өте көп. Шетел мамандарының сөйлеуімен жазылған үнтаспалар, бейнефильмдер көптеп саналады. Тыңдау қабілетін үнтаспа көмегімен дамыту үшін арнайы бейнежаттығулар мен аудиомәтіндер қажет. Осы орайда мәтінді тыңдау, оқып отырудың мәні зор. Тыңдауға үйренуді сөйлеумен бетпе-бет отырып тыңдаудан бастаған жөн. Аудиториялық сабақтарда оқытушының сөйлеуі, бейнефильмді көрсете отырып, оқытушының оқуы оқушы үшін үлкен өнеге, үлгі болады. Ауызша сөйлеуге үйрету шетел тілін оқытудың ең қиын аспектісі болып саналатындықтан, негізгі мақсат – естігенін түсіне білуге үйрету. Түсінуді тексерудің ең басты бөліктерін – сурет арқылы, екіншіден – жазбаша жауап беру арқылы жүргізуге болады. Сурет арқылы үйрету кезінде қажетті суретті таңдау – алдымен айтылған фразаға, диалогқа, мәтінге, әңгімеге, одан соң тыңдалған материал мен суреттегі айырмашылықты табуға байланысты болады.

Қазақстандағы білім беру саласында шет тілін үйретудің жаңа түрлері, әдістері, әдістемелері, жаңа сипаттағы технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының жаңаруына әкелді. Осындай оқыту әдіс-темесі заман талабына сай бағдар деп инновациялық, технологиялық білім беру жүйесін айтуымызға болады. Оқыту технологиясы оқытудың әр түрлі бағыттарын, жолдарын және т.б. қарастырады, сондықтан үйрету жолдары оқушыға ғылыми түрінде болуы керек, яғни оқытушы қалай оқыту, неге олай оқыту керек деген білім біліктілігін білуі тиіс. Үйрету технологиясы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты, яғни қандай үдерістер арқылы, қандай әдістер арқылы, қандай оқулықтар арқылы, үйретуді қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру қажет және ағылшын тілін үйретуде нені ескеру керек деген сұрақтарға жауап іздейді. Сонымен, практика мен зерттеулер нәтижесі бізге ағылшын тілінен берілетін білім мазмұны мен оқыту әдістемесін жаңғырту керек екендігін көрсетті.

Шет тілін үйрету барысында музыканың балаға тигізер ықпалы зор. Өн мәтіні қарым-қатынас құралы ретінде неологизм мен сөз тіркестері, тұрақты тіркестері арқылы оқушының сөздік қорының молаюына ықпал етеді. Өн, өлең, музыка тыңдау кезінде таныс сөздер, лексика-

лар оқушының, студенттің есінде тез жатталады. Шет тілінде ән айтып, өлең оқып, музыка тыңдап үйрену барысында оқушы дыбыстарды, дауыстарды дұрыс атап үйренеді, сөйлемге, сөзге, дауысқа, дыбысқа дұрыс екпін қояды. Әнмен, өлеңмен, музыкамен, күймен жұмыс кезінде оқушының көңіл-күйі көтеріліп, сезіміне әсер етіп тілге деген қызығушылығы арта түседі. Сабақ барысындағы әндер, өлеңдер, музыкалар мұқият жас ерекшелігі ескеріліп таңдап алынуы тиіс. Сонымен қатар аудиокітаптардың, оқулықтардың пайдасы өте көп. Сабақта аудиокітаптарды, оқулықтарды пайдалану арқылы оқушы шығармашылық қабілетін арттыруға, ізденісін ұлғайтуға, танымдық көзқарасын қалыптастыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға машықтанады, дүниетанымын кеңейтуге әсер етеді.

Аудиокітапта, оқулықта, электронды кітапта практикалар мен басты кейіпкерлердің өмірі, дүниетанымы, анықтамалық сөздік, әр тарау бойынша тесттік сұрақтар қойылуы керек. Бұл мағлұмат оқушылардың өзіндік ізденісін, талпынысын тудырады және осы бағытта жұмыс істеуге дағдыландырады, үйретеді.

Қазіргі уақыттағы жаңа ақпараттық техниканы қолдану, практикада пайдалану арқылы оқу-тәрбие процесінің барлық дәрежесінде байланыстарды тереңдетуге мүмкіндік туады. Бұл оқушының ақпаратты, мәселені қоғам жағдайында, қоғам деңгейінде ұғынуға ықпал етіп, саяси, экономикалық ойлау қабілетін арттыра түседі. Осындай бағыттағы білім-ғылым оқушыларды Отанға деген сүйіспеншілікке, махаббатқа, еңбекқорлыққа, достық пен ынтымақтастыққа баулиды.

Оқушылардың оқу-танымдық, практикалық, оқу-әдістемелік, тәжірибелік құзыреттіліктерін қалыптастыра отырып, танымдық, дүниетанымдық іс-әрекет белсенділіктерін арттыру үшін, көрнекі құралдар, электронды кітаптар, аудиокітаптар, оқулықтар, техникалық құралдарды жиі пайдалану қажет. Мұн-да оқушылар кез келген мәселені анықтағаннан кейін немесе мәтінді алғаннан кейін сол ақпаратқа қатысты өзіндік көзқарас, өзіндік дүниетаным туындайды. Адамның ішкі жан дүниесіне сезімдік, эмоционалдық із қалдырады, сол себепті оқытушы берілетін ақпараттарға, мәселелерге жағымды қарым-қатынас, жағдаят туындатып, білімнің негізгі қайнар көзін құрайды.

Бастауыш сынып – барлық білімнің қалануының негізгі іргетасы. Бастауыш сынып оқушыларына нені үйретсең, нені оқытсаң соны миына сіңіретін нағыз қабылдау жасында болғандықтан, мейлі қандай тіл болмасын өте жылдам игеріп, үйреніп алады.Үштұғырлы тілді алға ұстаған, ағылшын тілін үйренгісі келген адамдарға қазіргі кезде жаңа әдістемемен үйрету алға қойылып отыр.

Бастауыш сынып оқушылары болсын, ересек адам болсын, бәрі де ағылшын тілін меңгеруді қажет деп санайды. Олар шет тілін меңгеру барысында көптеген қиындықтарға тап болады. Оларды жеңу үшін оларға ағылшын тілін жеңіл әдістәсілмен үйрету қажет. Ол үшін отандық және шетелдік ғалымдардың тәжірибесін пайдалану аса маңызды. Олардың қолданған әдістемесін жақсы меңгеріп, кітап түрінде басып шығару қажет. Шет тілін меңгеруде әдіс-тәсілдердің атқаратын рөлі ерекше. Сондықтан жеңіл әдістемеге құрылған әдіс-тәсілдерді ұсыну дұрыс бағыт болып табылады.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Бакирова Ж.М. Солтаншаривқызы А. Ағылшын тілі сабақтарында жаңа әдістәсілдер арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырудың жолдары // URL: https://bilim-all.kz/article/5460-Agylshyn-tili-sabaqtarynda-zhana-adis-tasilder-arqyly-oqushylardyn-qyzygushylygyn-arttyrudyn-zholdary

2.Тулегенова А.Е. Ағылшын тілі сабақтарында қолданылатын әдіс-тәсілдер // URL: https://infourok.ru/maala-ailshin-tili-sabatarinda-oldanilatin-dis-tsilder-sinip-3403860.html

3. Амандықова Г.Н. Шетел тілін оқыту әдістемесі. – 2003. – №2. – 26 б.

4. Амандықова Г.Н. Шетел тілін оқыту әдістемесі. – 2007.–№5. – 51-52 бб.

5. Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С. Шет тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2010.

6.Утегулова З.Н. Шет тілін оқытудағы әдістеме. – Алматы, 2009.

**REFERENCES**

1. Bakirova Zh.M. Soltansharivkyzy A. Ways to increase students' interest in English lessons through new methods // URL: https://bilim-all.kz/article/5460-Agylshyn-tili-sabaqtarynda-zhana-adis-tasilder-arqyly-oqushylardyn-qyzygushylygyn-arttyrudyn-zholdary

2. Tulegenova A.E. Methods used in English lessons // URL: https: /infourok.ru/maala-ailshin-tili-sabatarinda-oldanilatin-dis-tsilder-sinip-3403860.html

3. Amandykova G.N. Methods of teaching a foreign language. – 2003. – №2. – 26 p.

4. Amandykova G.N. Methods of teaching a foreign language. – 2007. – №5. – 51-52 p.

5. Amandykova G.N., Mukhtarova Sh.E., Baimukhanova B.S. Methods of teaching a foreign language. – Almaty, 2010.

6. Utegulova Z.N. Methods of teaching a foreign language. – Almaty, 2009 .

*АУШЕНОВА А.С., ГАБДКАРИМОВА Г.С., АНУАР Г., КАЛЖАНОВА У.А.* СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Основная актуальность статьи заключается в том, что она считается одним из важных аспектов английского языка в современном обществе с использованием новых и простых методов обучения и методики преподавания английского языка. В сфере образования в Казахстане появляются новые виды, методы, методики и приемы преподавания иностранных языков, что приводит к обновлению содержания образования. Такие методы обучения лежат в основе современного, инновационного, технологического образования. В преподавании языка ключевым моментом является способность по-разному воспитывать ум учащегося, используя профессиональную компетентность учителей и специалистов. При изучении языка его важность должна быть четко обозначена. По мнению ученых, новые методы языка оказывают непосредственное влияние на мышление студентов, так как новые подходы и различные подходы к ним улучшают систему мышления студента. В наши дни метод обучения иностранному языку становится наукой. В 1930 году Е. М. Рытом было дано первое определение методики. Он оценил: «Методология обучения иностранному языку является практическим показателем сравнительной лингвистики». Первые направления использования методологии как науки связаны с именем Беляева Б.В. Он также включил методологию в область прикладной психологии

*Ключевые слова:* методика преподавания языка, профессиональная компетентность, технология обучения, иностранный язык, технология обучения.

*AUSHENOVA A.S., GABDKARIMOVA G.S., ANUAR G., KALZHANOVA U.A.* MODERN METHODS OF TEACHING ENGLISH

New types, methods, methodologies, and techniques of teaching foreign languages that appear in Kazakhstani education lead to an update in the content of education. Such methods form the basis of modern, innovative technological education. The key point in teaching languages is the ability to apply different ways of developing the student's mind using the

professional competence of teachers and specialists. It is essential to state the importance of a foreign language taught. According to the scientists, the new linguistic methods have a direct impact on the thinking of students, since new varied approaches improve the student's system of thinking.

Today, teaching foreign languages becomes science. In 1930, E.M. Ryt said that the direction determined the method, "The methodology of teaching a foreign language is a practical indicator of comparative linguistics." The first directions of using methodology as science are associated with the name of B.V. Belyaev, who considered methodology as a part of applied psychology.

*Keywords:* language teaching methodology, professional competence, teaching technology, foreign language, teaching technology.

УДК 378

Г.М. КУСАИНОВ, Г.С. САПАРОВА, С.К.иАХМЕТБЕКОВА
Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»
НАО «Университет «Семей»

## ТЕХНОЛОГИЯ ЭФФЕКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ

*В статье рассматриваются вопросы эффективной организации учебно-воспитательного процесса на основе освоения педагогической технологии коллективного способа обучения (КСО), которая основана на естественно-научном понимании обучения как социоприродного явления, определяющего примат естественной коммуникации как универсального механизма взаимодействия социальных субъектов, интегрирующий достижения мировой и отечественной теории и практики обучения и позволяющий создать научно обоснованную концепцию развития педагогической технологии.*

*Средством реализации этой педагогической технологии является коллективная*